

Темекінің Энтомофагтары

{ Орындаған: Білісбеков А.

- ▣ Антокорис
- ▣ Қара ориус қандаласы
- ▣ Жеті нүктелі қанқызы
- ▣ Екі нүктелі қанқызы
- ▣ Кәдімгі алтынкөз

Жоспар

Темекі маңызды дақыл. Қазақстанда темекі оңтүстік, оңтүстік-шығыс өңірлерінде жалпы көлемі 8,1 мың га жерге өсіріледі. Темекі өнімінің және оның сапасының төмендеуіне әр түрлі зиянды ағзалар (28 түр) әсер етеді. Пайдалы бунақденелілердің ішінен жыртқыш түрлердің саны 21, ал тоғышар 7 түр. Тіркелген түрлердің көпшілігі көп қоректілерге жатады. Олар зиянды ағзалардың сан мөлшерін реттеуде айтарлықтай маңызды рөл атқарады.





© Angel Umbaran
<http://www.biodiversityvirtual.org>



Антокорис – *Anthacoris pilosus*

Денесі созылыңқы сопақ,
күңгірт-қоңыр түсті. Екі
ұрпақ беріп дамиды.
Антакорис қандаласы
шабдалы битін, өрмекші
кенелердің жұмыртқалары
мен ересек дараларын және
басқа ұсақ буынаяқтыларды
белсенді түрде жояды.





Қара ориус қандаласы – *Orius niger*



Ұсақ, сопақша жалпиған қара түсті қандала.
Ұсақ бунақденелілер мен кенелерді белсенді
жояды.




Жеті нүктелі қанқызы –
Coccinella septempunctata

Қоңыздың денесі сопақша, дөңес. Жылына 2-3 ұрпақ береді. Сәуірдің аяқ кезінде немесе мамырдың бас кезінде қоңыздар қыстап шыққан орындарынан ұшып шығады. Содан кейін екі аптадан соң аналық қоңыздар жұмыртқаларын 5-50 данадан топтап, шабдалы және басқа биттер тобырына салады. Ұшып шыққан қоңыздар бірден биттер және басқа ұсақ бунақденелілермен белсенді түрде қоректенуге кіріседі. Әр ересек дернәсіл мен қоңыз тәулігіне 70-80 шабдалы битін жояды.







Екі нүктелі қанқызы – *Adalia bipunctata*



Әдетте жиі кездесетін жыртқыш қоңыз. Қолдан көбейтіп, маусымдық шоғырландыру жолымен темекі немесе басқа дақылдарда биттермен және басқа ұсақ бунақденелілермен биологиялық жолмен күресуге қолайлы. Шабдалы битін және басқа ұсақ бунақденелілерді белсенді түрде жойғандарын темекі егістіктерінде байқауға болады. Жылына 2-3 ұрпақ беріп дамиды.





Кәдімгі алтынкөз – *Chrysopa carnea*

Кең таралған жыртқыш. Жылына 3-4 ұрпақ береді. Жыртқыштық обырлығы мен өсімталдығы, қысқа мерзімде дамып жетілуі, экологиялық бейімділігі кәдімгі алтынкөзді биттермен және басқа зиянкестермен биологиялық жолмен күресуде маусымдық шоғырландыру арқылы пайдалануға мүмкіндік береді.





